



Студенттердің ата-аналарына арналған жадынама

Құрметті студенттердің ата-аналары және заңды өкілдері!

Сіздің ұлыңыз (қызыңыз) маңызды қадам жасады – біздің колледждің студенті атанды. Сіздердің таңдауларыңызға қуаныштымыз! Оқуға түсу – отбасыңыздың маңызды оқиғасы екеніне сенімдіміз. Біздің құттықтауларымызды қабыл алыңыз!

Осы жылы сіздің балаңыз өмір салтын түбегейлі өзгертеді. Оқу барысында алған білімі, тек балаға ғана емес, сіздің де отбасыңызға үлкен пайдасын әкелетініне біз сенімдіміз! Сонымен қатар, дәл осы оқу жылында, сіздің балаңыз психологиялық, яғни жаңа оқу жағдайына, жаңа талаптарға, оқытушыларға, жаңа достарға бейімделуіне байланысты.

Сіздің балаларыңыз сасқалақтамауы үшін, сіз әрқашан қол ұшын беріп, бақылып, көмектесуіңіз үшін, біз **студенттердің ата-аналарына арналған жадынама** дайындадық.

1. Жалпы сұрақтар. Әр топқа топ жетекшісі бекітіледі, сіз баланың сабаққа қатысуын, оқу бағдарламасын игеруін, оқудағы қиыншылықтары мен жетістіктерін топ жетекшісінен хабарласып білуіңізге болады. Сондай-ақ, балаңыз жайлы ақпаратты директордың окі ісі жөніндегі орынбасары – Усманова Суфия Салихжановнамен 8(7222)30-70-38; директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Омарова Махабат Қыиынбековнамен және бөлім меңгерушілері: орыс бөлімі - Баркова Елена Леонидовна, қазақ бөлімі - Кабдуллина Кымбат Моршарифовнамен 8(7222)30-71-42 телефон нөмерлері арқылы білуіңізге болды.

Сіздің назарыңызға, оқу жылының барысында жаңа қабылданған студенттердің ата-аналарына жиналыс өткізіледі.

Ата-аналар жиналысының өткізу мерзімі туралы толық ақпаратты жоғарыда көрсетілген телефон нөмірлері арқылы білулеріңізге болады.

2. Сабақ және қоңырау кестесі.

Колледж студенттері оқу аптасында бес күн оқиды. Сабақтың ұзақтығы-90 минут. Сабақтың басталуы сағат 8.30.

Қоңырау кестесі

1-ші қосарланған сабақ	8.30 – 10.00	10 минут
2-ші қосарланған сабақ	10.10 – 11.40	30 минут
3-ші қосарланған сабақ	12.10 – 13.40	10 минут
4-ші қосарланған сабақ	13.50 – 15.20	10 минут
5-ші қосарланған сабақ	15.30 – 17.00	10 минут

3. **Сабақ босату.** Сабаққа қатысу барлық студенттер үшін міндетті болып табылады! Еркін сабаққа қатысу жоқ! Сабақты денсаулығына байланысты босатқан жағдайда міндетті түрде дәрігердің анықтамасы болуы қажет (ата-анасының емес!). Сабақты себепсіз босатуға болмайды. Сіздердің назарларыңызға, мектептен салыстырғанда, **колледжде әрбір босатылған сабақ міндетті түрде студентпен тапсырылуы қажет!** Қандай да бір отбасылық төтенше жағдайлар кезінде сабақты босатса, жеке өзіңіз топ жетекшісіне ескертуіңіз керек. Егер студент сабақты білгілі бір себептермен босататын болса, өзі немесе ата-анасы колледж директорына, бөлім меңгерушісіне өтініш жазу керек.

Студенттің сабақты себепсіз босатуы – өрескел тәртіп бұзушылық деп епестеледі, ол үшін оқудан шығарылуы мүмкін!



- **Егер сабақтарды себепсіз көп босататын болса, семестр соңында игерілмеген тақырыптарын тапсыруға үлгермейді, демек, сессияға жіберілмейді, соңында оқудан шығарылады.**

4. **Үлгерімі.** Балаңыздың оқу үлгерімі бойынша барлық мәселелерді колледжге келіп, оқу журналын көруіп бақыласаңыз болады. Әдетте, мұндай кездесулерді топ жетекшісімен немесе бөлім меңгерушісімен келісіледі. Себепсіз сабақ босатулары болса немесе қанағаттанарлықсыз

бағалары болған кезде, топ жетекшісі сізге қоңырау шалып, телефон арқылы талқылап, өзіңізге ыңғайлы уақытта кездесуге келісуіңізге болады.



- ***Назар аударыңыз! Күнделікті сабақтарда студенттер өздігінше орындауға арналған тапсырмаларды студенттің орындауы міндетті болып табылады.***

5. Сыртқы келбеті. Искерлік киім үлгісі, жасөспірімдерге міндетті түрде галстук тағу. Колледж – зайырлы мекеме екенін ескере отырып, басқа діни үлгідегі киім тыйым салынады.



- ***Балаңызға сыртқы келбет бойынша қойылған талаптарын сақтауын қадағалаңыз.***

6. Студентті әлеуметтік қамтамасыз ету. Семестрді жақсы және үздік бітірген студенттер, мемлекеттік шәкіртақыға тағайындалады. Тіпті, бір «3» болатын болса, студент шәкіртақыдан шеттетіледі. Жетім балалар мен анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, міндетті түрде мемлекеттік шәкіртақы тағайындалады (тиісті құжаттарын берген жағдайда). Толық ақпаратты Сіз келесі телефон нөмірі бойынша ала аласыз – 8(7222) 30-70-38.



- ***Колледждің барлық оқиғалары мен өзгерістері туралы, біздің веб сайтымыздан білуіңізге болады. Берілген ақпарат Сіз үшін пайдалы және қызықты деген үміттеміз.***